# Қырғыз Республикасының Премьер-Министрі А.М.Мұралиевтің Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 21 қаңтардағы жұмыс сапары және қазақстан-қырғыз бірлескен үкіметаралық комиссиясының 1-ші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 8 маусым N 872

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қырғыз Республикасының Премьер-Министрі А.М.Мұралиевтің Қазақстан Республикасына 2000 жылғы 21 қаңтардағы жұмыс сапары және қазақстан-қырғыз бірлескен үкіметаралық комиссиясының 1-ші мәжілісі барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары).

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Іс-шаралар жоспарында көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі іс-шаралар

жоспарының орындалу барысы туралы жарты жылда кем дегенде бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 8 маусымдағы
N 872 қаулысымен
бекітілген

Қырғыз Республикасының Премьер-Министрі А.М.Мұралиевтің
Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 21 қаңтардағы жұмыс
сапарының және қазақстан-қырғыз бірлескен үкіметаралық
комиссиясының 1-ші мәжілісі барысында қол жеткізілген
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар
Жоспары

---------------------------------------------------------------------

| N р/с | Іс-шара | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1. | Заңды күшіне енуі бойынша қажетті мемлекеттік рәсімдерді өткізу Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шу және Талас өзендеріндегі мемлекетаралық пайдаланымдағы су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану келісімі | 2000 жылдың бірінші жарты жылдығында | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 2. | Сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында: | | |
| | 1) "Қант цемент-шифер зауыты" АҮАҚ-ның технологиялық автокөлігі мен құрал-жабдықтарының кестесін жасау | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| | 2) Жамбыл облысының әкіміне Ақалатас әк-тастақта тау-кен орындарын игеру жөніндегі келісім-шартты жасауға бұрын берілген құқықтарды қайтарып алу және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Қант цемент-шифер зауыты" АҮАҚ-мен келісім-шартты қайта жасау туралы мәселені қарау және нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Жамбыл облысының әкімі |
| | 3) "Қант цемент-шифер зауыты" АҮАҚ-ның шикізат базасын дамыту үшін Мыңарал әк-тас кен орнының (Балқаштың оңтүстік-батыс жағалауы) шикізатын пайдаланудың мүмкіндігін қырғыз тарапымен бірлесе отырып қарау және нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Энергетика, индустрия және сауда министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| баяндау | | |
| 4) 2000 жылы Қазақстан Республикасынан "Қара балта тау-кен комбинаты" АҚ-на (Қырғыз Республикасы) уран концентраты мен "сары кек" жеткізуді ұйымдастырудың мүмкіндігін зерттеу және нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндау | Екінші тоқсан | "Қазатомөнер. кәсібі" ҰАҚ |
| 5) Қазақстанның 100 мың тонна көлемдегі астығын Қырғыз Республикасына жеткізу туралы мәселені қырғыз тарапымен бірлесіп пысықтау | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Ауыл шаруашылығы министрлігі |
| 3. Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері арасындағы қарыз міндеттемелерін реттеу жөнінде | | |
| 1) Қырғыз темір жолының "Қазақстан темір жолы" РМК алдындағы берешегін өтеудің келісілген кестесін қырғыз тарапымен бірлесіп салыстыру жүргізсін және тараптардың үкіметтеріне ұсынсын | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Көлік және коммуникациялар министрлігі "Қазақстан темір жолы" РМК (келісім бойынша) |
| 2) Қазақстан Республикасының энергетикалық шаруашылық жүргізуші субъектілерінің "Қырғызэнерго" АҚ алдындағы берешегін өтеу кестесін әзірлеу | 2000 жылдың бірінші жартыжылдығы | Энергетика, индустрия және сауда министр. лігі, Қаржы министрлігі, "KEGOC" ЖАҚ (келісім бойынша) |
| 3) "Қырғызаэронавигация" МК-мен берешекті салыстыруды жүргізу және оны өтеудің мерзімдерін айқындау | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | "Қазақстан әуе жолы" ҰАҚ-ның конкурстық бас. қарушысы (келі. сім бойынша) |

| | | |
|---|---|---|
| 4. Су-энергетикалық ресурстарды пайдалану және мемлекетаралық пайдаланымдағы су шаруашылығы объектілерін пайдалану жөнінде | | |
| Шу және Талас өзендерінің бассейн. деріндегі Мемлекетаралық пайдаланымдағы су шарушылығы объектілерін пайдалану мәселесі жөніндегі комиссиялар мәжілісінің 1999 жылғы 24 наурыздағы мемлекетаралық Хаттамасын тараптардың орындауын қамтамасыз ету | 2000 жылдың ішінде | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 5. Автомобиль және әуе көлігі саласында | | |
| 1) Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасындағы көлік одағын қалыптастыру туралы халықаралық автомобиль қатынасы туралы 1998 жылғы 24 қарашадағы келісімді бекітуді жеделдету | 2000 жылдың ішінде | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 2) 2000 жылға арналған Қазақстан Республикасының және Қырғыз Республика. сының аумағы арқылы транзиттік өтуге берілетін рұқсаттарының бланкілерін 3000 дана мөлшерінде тепе-теңдік негізде алмасуды жүргізу | 2000 жылдың ішінде | Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 3) Қаракөл-Горку-Ревки әуе дәлізін ашудың мүмкіндігін қырғыз тарапымен бірлесіп зерттеу және Тараптардың үкіметтеріне келісілген ұсынысты беру | 2000 жылғы 1 қыркүйекке дейін | Көлік және коммуникациялар министрлігі, Қорғаныс министрлігі |
| 4) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе кеңістігін пайдалануды және әуе қозғалысын басқаруды қамтамасыз ету үшін | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Көлік және коммуникациялар министрлігі |

| | | |
|---|---|---|
| жауапкершілікті беру туралы келісімді қол қоюға әзірлеу | | |

6. Кеден істеріндегі ынтымақтастық жөнінде

| | | |
|---|---|---|
| 1) Әрбір тараптың шектес кеден бекет. терінде қолданылатын кедендік теңдестіру құралдарының (пломбалар, жеке нөмірлік белгі мөртаңбалар және т.б.) үлгілерін, сондай-ақ шығарушы елді айқындайтын сертификаттарды беруге уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар мөрлерінің үлгілерін алмасуды жүргізу | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігі. нің Кеден комитеті |
| 2) Луговая стансасы-Чалдовар стансасы темір жол учаскелерінде контрабандамен және кеден ережелерін бұзушылықпен күрес жөнінде бірлескен топтар құру және құрылатын топтардың өзара іс-қимылының технологиялық сызбасын әзірлеу | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 3) Қырғыз Республикасының "Камышановка" кеден бекетімен шектес қызмет аймағында Қазақстан Республикасы жағынан автомобиль өткелін ашу жөнінде шаралар қабылдау | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті |
| 4) "Ақ тілек" және "Жайыл" қосымша автомобиль өткелдерін ашудың мүмкіндіктері мен орындылығын зерттеу | 2000 жылдың бірінші жарты жылдығы | Көлік және коммуника. циялар министрлігі |

7. Заңсыз көші-қон және терроризммен күрес проблемалары жөнінде

| | | |
|---|---|---|
| 1) Екі мемлекеттің аумағын басқа елдерге заңсыз шығу үшін пайдаланатын шетелдік азаматтардың заңсыз көші-қоны проблема. лары жөнінде тоқсан сайын консультациялар өткізіп тұру және тұрақты ақпараттар алмасу | Тұрақты негізде | Ішкі істер министрлігі, Көші-қон және демография жөніндегі |

| | | |
|---|---|---|
| | | агенттік, Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) |
| 2) | | |
| 8. Түрлі мәселелер | | |
| 1) Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісімді әзірлеу және қол қою | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Білім және ғылым министрлігі |
| 2) Қырғыз жотасының шегінде бірлескен геологиялық зерттеулер ұйымдастырудың мүмкіндігін қырғыз тарапымен пысықтау | 2000 жылдың бірінші жарты жылдығы | Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі |
| 3) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Тараптар елшіліктерінің тіркелген елде алып отырған үй-жайларын тепе-теңдік жағдайында жалға алу туралы келісімнің жобасын қол қоюға әзірлеу | 2000 жылғы 15 маусымға дейін | Сыртқы істер министрлігі |
| 4) Қырғыз Республикасына 15000 тонна мазут пен 15000 тонна дизель отынын жеткізуге квота бөлу | 2000 жылдың ішінде | Энергетика, индустрия және сауда министр. лігі |
| 9. Қазақстан-қырғыз бірлескен үкіметаралық комиссиясының екінші мәжілісін Шолпан-Ата | 2000 жылғы маусым | Сыртқы істер министрлігі |

қаласында өткізу

Ескерту. Іс-жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.23. N 1443
қаулысымен.

P 0 0 1 4 4 3 _

Оқығандар:
Қасымбеков Б.А.
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК